

Теология факультеті «Дінтану» кафедрасы меңгерушісі, PhD Камалова Фэриде мен аға оқытушы Төлегенов Мұхит 17-24 қараша аралығында Өзбекстанның Самарқанд қаласында іссапарда болды. «AP27511211 Түркістандағы киелі жерлерге қатысты аңыз-әпсаналардың аксиологиялық сипатын айқындау және жастар тәрбиесінде қолдану механизмдері» тақырыбындағы гранттық жоба аясында жүзеге асқан сапар барысында ғалымдар Халықаралық Имам Бұхари орталығына, Имам Матуриди кесенесіне, Махдум Ағзам мазарына, Шахи Зинда кешеніне зиярат жасап, әулиелі жерлерге қатысты аңыз-әпсаналарды жинақтады. Сонымен қатар Самарқанд экономика және сервис институтында студенттерге дәріс оқыды. Институт ғалымдары Хаққұлов Нәбижан мен Азизкулов Акрам көзделген жұмыстардың жоғары деңгейде орындалуына айрықша үлес қосты. Мұндай ынтымақтастық пен ғылыми әріптестіктің алдағы уақытта өз жемісін берері сөзсіз.

